

Салық органдарының тексеруіне жататын шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтаудың Ережелерін бекіту туралы

Күші жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 29 қазан N 1308. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 5 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.01.09 N 5 бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

2

3

4. Осы бұйрық 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Министр

Б.Жәмішев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

М и н и с т р д і н

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

9

қ а ң т а р д а ғ ы

№ 5 бұйрығына қосымша

Күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Салық органдарының тексеруіне жататын шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтауды Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 1999 жылғы 29 қазандағы № 1308 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 987 болып тіркелді, "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетені" журналында жарияланды, 2000 ж. № 2, 191-құжат).

.....

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі салық органдарының тексеруіне жататын шаруашылық жүргізуші субъектілерді іріктеп алу тетігін реттеу мақсатында

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Салық органдарының тексеруіне жататын шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтаудың осыған қоса берілген Ережелері (бұдан әрі - Ережелер) б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық төлеушілермен жұмыс департаменті осы бұйрықты аумақтық салық органдарына дейін жеткізсін. 3. Аумақтық салық органдары бекітілген Ережелерге сәйкес, салық органдарының тексеруіне жататын шаруашылық жүргізуші субъектілерді іріктеп алу журналдарын бір ай мерзім ішінде ресімдесін. 4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық төлеушілермен жұмыс департаментіне жүктелсін. 5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді. Министр
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 29 қазан N 1308 бұйрығымен
б е к і т і л г е н

Салық органдарының тексеруіне жататын шаруашылық
жүргізуші субъектілерді анықтаудың
Е р е ж е л е р і

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Ережелер, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заңының 137-бабына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеудің, олардың толықтығы мен уақтылы төленуінің дұрыстығы мәселелері бойынша салық органдарының тексеруіне жататын шаруашылық жүргізуші субъектілерді іріктеп алудың тәртібін белгілейді.

2. Салық органдарының тексеруіне жататын шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтау үшін оларды алдын-ала үш топқа ірі, орта және ұсақ деп б ө л у д і жү з е г е а с ы р у қ а ж е т .

3. Бөлу сату, орындалған жұмыстар мен қызмет көрсетулер көлемі, экспорттық-импорттық операциялар көлемі басшылыққа алынып жүргізіледі, қызметтің соңғы екі жыл ішіндегі үрдістегі төленген салықтардың, алымдар мен міндетті төлемдердің көлемі есептеледі, сондай-ақ есептелген салықтардың, алымдар мен міндетті төлемдердің көлемі есептеледі.

4. Ірі шаруашылық жүргізуші субъектілер салық органдарының басымдықпен т е к с е р у і н е ж а т а д ы .

5. Салық органдарының басымдықпен тексеруіне жататын орта және ұсақтар қатарынан шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтау үшін тиісті топта Қазақстан Республикасының салық заңдары нормаларын бұзу тәуекелінің көрсеткішін бағалауды жүзеге асыру және сондай көрсеткіші орташа деңгейден артық субъектілерді бөліп алу қажет. Солар бойынша тексерулер мейлінше жемісті нәтиже береді деп қарастырылуда.

6. Салық заңдары нормаларын бұзу тәуекелінің орташа көрсеткіші тиісті топта әрбір шаруашылық жүргізуші субъекті бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы саны тәуекел көрсеткішінің сомасына қатынас ретінде анықталады.

7. Алдындағы салық жылында тексеруге жататын барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер анықталғаннан кейін аумақтық салық органы бойынша тексерудің Жоспары жасалады.

2. Кешенді тексеруге жататын салық төлеушілерді іріктеп алу үшін тәуекел көрсеткішін анықтау

8. Тәуекел көрсеткіштерін анықтау шаруашылық жүргізуші субъектілердің салық органдарында бар құжаттары мен декларациялары негізінде тәуекел көрсеткішін бағалау Журналын (бұдан әрі - Журнал) толтыру жолымен жүзеге асырылады. Журнал нөмірленіп, тігіліп, аумақтық салық органының мөрімен бекітілуі керек және шаруашылық жүргізуші субъектілердің әрбір тобы бойынша 1 қосымшада келтірілген нысанда толтырылады. Мұның өзінде, әрбір шаруашылық жүргізуші субъектіні бағалау мынадай өлшемдер бойынша жүргізілуі тиіс:

1) салықтық салмақ коэффициенті - есептелген салықтар мен бюджетке міндетті төлемдердің жалпы сомасының сатудан түскен жалпы жылдық кіріске қатынасы;

2) өнімді, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан түскен кіріс - тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан түскен кірістің өткен жылмен салыстырғандағы өзгерісін көрсетеді;

3) ҚҚС бойынша есепке алудың артуы - ішкі рынокта сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша есепке алуға жатқызылатын ҚҚС сомасының есептелген ҚҚС сомасынан артығын көрсетеді;

4) өткен бұзушылықтар - өткен тексерулер барысында табылған бұзушылықтар дәрежесін бағалау;

5) салықтарды уақтылы төлеу - салық төлеушілердің салықтарды, алымдар мен міндетті төлемдерді салық жылында уақтылы және толық төлеуін бағалау;

6) қолма-қол есеп айырысуларды пайдалану - шаруашылық жүргізуші

субъектілердің кәсіпкерлік қызметінің сатылған өнім, тауарлар, қызмет көрсетулер үшін ақы қолма-қол ақшамен жүргізілетін салаға тиесілігі фактісін к ө р с е т у ;

7) сыртқыэкономикалық қызмет - шаруашылық жүргізуші субъектінің кәсіпкерлік қызметінің сыртқыэкономикалық қызметке тиесілігі; 8) декларацияларды уақтылы тапсыру - шаруашылық жүргізуші субъектілердің салық органына декларацияларды салық жылы ішінде беруі жөніндегі тәртібін бағалау. Журналды толтыру нәтижелері бойынша мейлінше көп жиынтық тәуекел көрсеткіші бар шаруашылық жүргізуші субъектілер анықталады. 1 қосымша _____ жылға _____ облысы _____ ауданы бойынша тәуекел көрсеткішін бағалау журналы _____

_ Шаруашылық Салық Салық ҚҚС Өткен Салықтардың Қолма-қол Сыртқы жүргізуші жүкте. алудан бойынша тәртіп уақтылы есеп айы. эконо. субъектінің месі түскен есепке бұзушы. төленуі рысуды микалық атауы кіріс алудың лық пайдалану қызмет артуы _____

1 2 3 4 5 6 7 8 _____

таблицаның жалғасы _____

_____ Декларацияны Тәуекелдің уақтылы тап. жиынтық сыру көрсеткіші _____ 9 10 _____

Анықтамалық 1. "Салық жүктемесі коэффициенті" деген 2-бағанда: 1) егер алынған салық жүктемесі коэффициенті 20%-тен артық болса, онда бағанға 1 сан қойылады; 2) егер коэффициент 10%-тен 20%-ке дейін болса, онда бағанға 10 саны қойылады; 3) егер коэффициент 10%-тен кем болса, онда бағанға 20 саны қойылады. 2. "Сатып алудан түскен кіріс" деген 3-бағанда: 1) егер сатып алудан түскен кіріс алдыңғы жылмен салыстырғанда өссе, онда бағанға 1 саны қойылады; 2) егер сатып алудан түскен кіріс кем дегенде 20%-ке кемісе, онда бағанға 4 саны қойылады; 3) егер сатып алудан түскен кіріс 20%-тен артық кемісе, онда бағанға 5 саны қойылады. 3. "ҚҚС бойынша есепке алудың артуы" деген 4 - б а ғ а н д а :

1) ішкі рынокта қолға түскен тауар (жұмыс, қызмет көрсету)бойынша есепке алуға жататын қосылған құн салығы сомасы есептелген салық сомасына көтерілсе, онда бағанға 5 саны қойылады;

2) ішкі рынокта қолға түскен тауар (жұмыс, қызмет көрсету)бойынша есепке алуға жататын қосылған құн салығы сомасы есептелген салық сомасына көтерілмесе, онда бағанға 1 саны қойылады.

4. "Өткен тәртіп бұзушылық" деген 5-бағанда:

1) егер алдыңғы жылы шаруашылық жүргізуші субъект тексерілмесе, онда б а ғ а н ғ а 5 с а н ы қ о й ы л а д ы ;

2) егер тексерілсе және жарияланған салық сомасынан 20%-тен артық қоса есептелсе, онда бағанға 5 саны қойылады;

3) егер жарияланған салық сомасынан қоса есептелген сома 10% пен 20% арасында болса, онда бағанға 4 саны қойылады;

4) егер жарияланған салық сомасынан қоса есептелген сома 10%-тен кем болса, онда бағанға 3 саны қойылады.

5. "Салықтардың уақтылы төленуі" деген 6-бағанда:

1) егер бір жыл ішінде салықтар, алымдар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер уақтылы төленсе, онда бағанға 1 саны қойылады;

2) егер бір жыл ішінде мерзім бұзылумен төленсе, бірақ жылдың аяғында бюджет алдында берешегі жоқ болса, онда бағанға 1 саны қойылады;

3) егер бір жыл ішінде мерзім бұзылумен төленсе және жылдың аяғында бюджет алдында толық өтелмесе, онда бағанға 5 саны қойылады;

6. "Қолма-қол есеп айырысуды пайдалану" деген 7-бағанда:

1) егер шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметі сатылған өнімдер, тауарлар, қызмет көрсетулер үшін төлем қолма-қол жүргізетін шеңберге жатпаса, онда бағанға 1 саны қойылады;

2) егер шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметі сатылған өнімдер, тауарлар, қызмет көрсетулер үшін төлем қолма-қол жүргізетін шеңберге жатса, онда бағанға 5 саны қойылады.

7. "Сыртқы экономикалық қызмет" деген 8-бағанда: 1) егер шаруашылық жүргізуші субъекті экспорт-импорт операцияларын жүзеге асырса, онда бағанға 5 саны қойылады; 2) егер жоқ болса, онда бағанға 1 саны қойылады.

8. "Декларацияны уақтылы тапсыру" деген 9-бағанда: 1) егер декларацияны шаруашылық жүргізуші субъект уақтылы тапсырса, онда бағанға 1 саны қойылады; 2) егер шаруашылық жүргізушіге декларация тапсыруда мерзім бұзу жағдайы болса, онда бағанға 5 саны қойылады.

9. "Тәуекелдің жиынтық көрсеткіші" деген 10-бағанда 2-9 бағандардағы сомамен айқындалады.

Оқығандар: Багарова Ж.А. Икебаева А.Ж.